

М.А.Тұрсынова, З.Н.Жуынтаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: t\_marhaba@mail.ru)**Көне ескерткіштердегі септік жалғауларының қазіргі түркі тілдеріндегі сипаты**

Мақалада қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғауларының сипатына тарихи-салыстырмалы талдау жасалған. Түркі тілдеріндегі септік жалғауларының өзіне тән ерекшеліктері қарастырылып, мысалдармен дәлелденген. Септік жалғауларының сипатын көрсетуде зерттеушілер еңбектері арқылы қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар, ұйғыр-оғыз тобындағы тілдердегі аталған қосымшаның фонетикалық варианттары, дамуы мен қалыптасуы, жеке тілдерге қатысты өзгешеліктері қарастырылған. Түркі тілдеріндегі септік жалғауларының ерекшеліктерін, айырмашылықтарын, ортақтықтарын көрсету барысында көне жазба ескерткіштері материалдарымен байланыста талдау жасалған, түркі тілдерінің тарихи грамматикасына қатысты мәліметтер келтірілген.

*Кілт сөздер:* түркі тілдері, салыстырмалы морфология, түркі тілдеріндегі септік жалғаулары, көне түркі тілі, қазіргі түркі тілдері, салыстырмалы-тарихи зерттеулер.

Қазіргі түркі тілдері салыстырмалы морфологиясында сөз таптары, жұрнақ, жалғаулардың даму тарихы, қазіргі тілдердегі сипаты сияқты мәселелер қарастырылады да, айтылған мәселелерді қарастыруда тарихи-салыстырмалы зерттеудің маңызы зор екендігі шындық.

Туыстас түркі тілдеріндегі олардың ортақтығын дәлелдейтін, тектестігін көрсететін мәселенің бірі — септік жалғаулары. Қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғауларының сипатын өзара салыстыру барысында қосымшалардың варианттарындағы фонетикалық ерекшеліктерді, септік жалғауларының санына байланысты айырмашылықтарды, жай септеу мен тәуелді септеудегі өзгешеліктерді айтуға болады.

Кез келген тілдің даму, қалыптасуында өзгешеліктің болатыны сияқты көне ескерткіштерде жеті септік ретінде көрінген септік жалғауларының саны қазіргі тілдерде алтыдан тоғызға дейін болып отыр және олардың жалпы сипатына қатысты да ортақтықтармен қоса, айырмашылықтар орын алған.

*Атау септігі.* Атау септігінің арнайы тұлғасы қазақ тілінде ғана емес, барлық түркі тілдерінде жоқ. Бірақ соған қарамастан, өзіне тән арнайы грамматикалық формасы болмаса да, атау септігінің өзіне тән грамматикалық мағынасы, ол нольдік формада тұрған сөздің өзіне тән синтаксистік қызметі бар.

*Ілік септігі.* Ескерткіштерде ілік септігі заттың, қимылдың белгілі біреуге тән екендігін білдіреді. Ілік септігіндегі сөз еш уақытта жеке айтылмайды. Олар үнемі тәуелді жалғаулы сөздермен тіркесіп келеді. Мұндай ерекшелік жалпы түркі тілдеріне тән.

Ілік септік тұлғасының көне жазбалар тілінде мына сияқты фонетикалық варианттары бар: *-ың, -ің, -уң, -үң, -ның, -нің, -нуң, -наң, -нең*. Осы тұлғалар қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездеседі.

Ілік септігінің тарихы туралы әр түрлі пікірлер қалыптасқан.

М.Томанов ілік септігінің тарихы жайында мынадай көзқарастарды келтіреді: В.В.Радлов ілік септігінің алғашқы тұлғасы *-ың* деп қарайды да, бұның өзі о баста тәуелдік жалғауы болған, жіктеу және сілтеу есімдіктеріне жалғанан дейді. Ал *-ның* формасының шығуын есімдіктің өзгеру ерекшелігімен байланыстырады. Әуелі есімдіктің құрамында қолданылуымен байланысты есімдіктің соңғы дыбысы морфологиялық ығысудың нәтижесінде аффикстің құрамына ауысып кетуі мүмкін деп қарайды.

В.А.Богородицкий морфологиялық ығысу арқылы есімдіктер құрамында қалыптасқан *-ның* аналогия жолымен басқа есім сөздерге де ауысты. Кейін есім сөздерде осы *-ның* аффиксін қабылдайтын болды деген.

Г.Рамстедт былайша түсіндіреді: алғашында *-н* түрінде болған ілік жалғауы дауыссыз дыбыстарға біткен түбірге жалғанғанда алдынан жалғастырушы дауысты дыбыс қосып алса керек. Содан кейін түбірдің соңғы дыбысы қосымшаға ығысудың нәтижесінде *-ның* қалыптасады.

Э.В.Севортян ілік септігі мен табыс септігі бір негізден тараған дейтін жорамал айтады. Н.А.Баскаков бұл жалғауды *нене — нен дене — тән* дейтін сөзден тараған деп қарайды. Осы пікірлерді қорытындыласақ, ілік септігінің алғашқы формасы *-ың* болу керек, ығысудың нәтижесінде

-ның пайда болған. Ілік септігі мен табыс қосымшасының алғашқы дыбыстарының бірдей болуы бір негізден тарағандығын дәлелдейді [1].

Қазіргі түркі тілдеріндегі ілік септігінің сипатында да бірінші көзге түсетін ерекшелік те қосымшаның дауыстыдан немесе дауыссыздан басталуында.

Э.В.Севортян «Категория падежа» мақаласында ілік септігі жалғауларын екі топқа бөліп қарастырады да, оңтүстік-батыс тобындағы тілдерде қолданылатындарға *-ын, -ин, -ун, -үң* қосымшаларын, Орхон-енисей ескерткіштерінде және түрікмен тіліндегіге *-ың, -иң, -уң, -үң* қосымшаларын, басқа түркі тілдеріндегіге *-ның, -ниң, -нуң, -нүң, -тың, -тиң, -дың, -диң, -нын, -нин, -нун, -нүн, -тын, -тин, -дын, -дин* қосымшаларын (варианттарымен) жатқызады [2].

Көне жазбалардағы сияқты қазіргі түркі тілдерінде де ілік септігі бір топ тілдерде дауыстыдан, бір топ тілдерде дауыссыздан басталып тұр. Көне ескерткіш ретінде саналатын Орхон-Енисей жазбаларындағы қолданысында аталған септік дауыстыдан басталатындықтан, қазіргі кей тілдердегі сондай қолданыс көне тілдің заңды жалғасы іспетті.

Дауыссыздан басталатын және ілік септігі жалғауының толық түрі кездесетін тілдер ретінде қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырым татарлары, татар, алтай, башқұрт, ұйғыр, өзбек, тоғалар, хақас, шор сияқты тілдерді айтуға болады. Бұл тілдерде *-ның* жалғауы үндестік заңына байланысты бірнеше варианттарымен қолданылады.

Өзбек тілінде ілік септігі жалғауының *-нинг* деген варианты бар да, ол үндестік заңына қатысты ерекшеленбей, барлық жағдайда бір ғана нұсқада жалғанады.

Ілік септігі жалғауының дауыссыз дыбыстан басталғанымен, басқа тілдердегідей *ң* дыбысы емес, *н* дыбысы арқылы келетін түрі қырғыз, қарайым, әзербайжан, гагауз тілдеріне тән.

Қырғыз тілінде ілік септігі жалғаулары *-нын, -нин, -нун, -нүн, -дын, -дин, -дун, -дүн, -тын, -тин, -тун, -тун*, қарайым тілінде *-нын, -нин, -нун, -нүн*, әзербайжан, гагауз тілдерінде *-нын, -нин, -нун, -нүн* варианттары басқа түркі тілдеріндегідей *ң* арқылы емес, *н*-мен беріледі. Ілік септігіне қатысты бұл тілдердегі осы ерекшеліктер қырғыз тілін қырғыз-қыпшақ тобына енетін тілдің бірі алтай тілінен, қарайым тілін басқа түркі тілдерінен айырмашылығын көрсетеді. Ал әзербайжан, гагауз тілдерінде ілік септігі жалғауының дауысты дыбыстан басталатын вариантымен қоса, сөз дауысты дыбысқа біткен жағдайда жалғанатын ілік септігінің қосымшасы ретінде қолданылады. Айта кететін бір жағдай, бұл тілдерде оғыз тобындағы түрікмен тілімен салыстырғанда ерекшелік *ң* дыбысының болмауына да қатысты болып отыр.

Ілік септігі жалғауының келесі варианты дауысты дыбыстан басталуымен ерекшеленіп, оғыз тобындағы түрік, түрікмен, гагауз, әзербайжан тілдерінде кездеседі. Бұл тілдерде ілік септігі жалғауының дауыстыдан да, дауыссыздан да басталатын түрлері бар және ол сөздің соңғы дыбысына қатысты өзгеріп жалғанады. Яғни сөз дауыстыға бітсе, қосымша дауыссыздан дауыссызға бітсе, дауыстыдан басталуы түркі тілдерінде екі дауыстының қатар келмеуіне байланысты болып тұр.

Оғыз тобындағы тілдердегі ілік септігі жалғауының варианттары дауысты немесе дауыссыздан басталуымен және *н-ң* дыбыстарының сәйкестігі арқылы көрінеді де түрік тілінде *-(n) in*; түрікмен тілінде *-ың, -иң, -уң, -үң, -ның, -ниң, -нуң, -нүң*; гагауз, әзербайжан тілдерінде *-ын, -ин, -ун, -үн, -нын, -нин, -нун, -нүн* варианттары арқылы беріледі.

Түркі тілдерінде ілік септігі жалғауының соңғы дауыссызы жоқ, яғни дауыссыздан басталып дауыстымен аяқталатын нұсқасы да орын алып, ол құмық, қарашай-балқар, салар тілдерінде кездеседі. Бұл тілдерде ілік септік *-ны* жалғауы және оның *-ни, -ну, -ню /-ну/* варианттары арқылы беріліп, табыс септігі қосымшаларымен сәйкес келеді: *баланы-баланың, терезени-терезенің, уйню-үйдің, кольно-көлдің* (құмық), *тауну-таудың, кьойгьа-қойға, эшекни-есекті* (қарашай-балқар), *ташны-тастың, ініні-інінің, сусыны-суының, қолымны-қолымның* (салар).

Қарашай-балқар тілінде ілік септігі жалғауы жай септеу мен тәуелді септеуге байланысты ерекшеленеді. Көптеген түркі тілдерінде барыс, табыс, жатыс септіктерінде тәуелдік жалғаудың I-, II-, III-жақтарынан кейін қосымша жай септеуден ерекшеленіп жалғанатыны белгілі. Ал қарашай-балқар тілінде бұл көрініс ілік септігінде де орын алып, тәуелдік жалғаудың I-, II-жағынан кейін ілік септігінің қосымшасы *-ы, -и* түрінде жалғанады: *жашым-жашымы, жашынг-жашынгы-ұлым-ұлымның, ұлың-ұлыңның; кезим-кезими, кезинг-кезинги-көзім-көзімнің, көзің-көзіңнің* т.б.

Чуваш тіліндегі ілік септігі *-ән/-ён, -нән/-нён, -(йән)/-йён* қосымшалары арқылы беріледі [3].

Якут тілінде де сегіз септік болғанымен, басқа түркі тілдерінде қолданылатын ілік септігі жоқ. М.Томанов бұл туралы: «Түркі тілдерінің ішінде ілік септік жалғауы кездеспейтін — якут тілі. Якут тілінде *-та* қосымшасы арқылы біздің тіліміздегі ілік пен «жасырын» табыс септік мағыналарын

береді. Якут тілінің бұл ерекшелігі, монғол тілінің ықпалы деп түсіндіріледі. Якут тілінің қалыптасу, даму тарихында монғол тілінің ықпалының басым болғандығы белгілі. Ондай ықпалдың нәтижесі бұл ыңғайда ғана емес, тілдің басқа салаларында да байқалады. Сонымен, бұл жағынан якут тілі — түркі тілдерінің ерекше түрі», — деп атап көрсетеді [4]. Сондай-ақ якут тілінде ілік септігінің болмауы түркі тілдерінің тарихында аталған септіктің болмауына да қатысты деген пікірлер де бар. Бұл туралы: «Есть все основания предполагать, что родительный падеж на ранних стадиях существования тюркского праязыка полностью отсутствовал. Его заменила так называемая изафетная конструкция. Из современных тюркских языков только один якутский сохранил это древнейшее состояние, поскольку в нем отсутствует оформившийся родительный падеж», [5] — деген зерттеушілер пікірі ілік септігінің тарихына қатысты мәліметтердің бірі болып саналады. Ілік, табыс септік жалғауларының жасырын түрде де кездесуі және меншіктілікті *-нікі/-дікі/-мікі* жұрнақтарының беретінін ескерсек, пікірлердің мүмкін екендігін де көруге болады.

Түркі тілдерінде ілік септік қосымшасының ерекшелігінің бірі есімдіктердің септелуіне қатысты көрінеді. *Мен, сен, ол* сөздерінің ілік септігіндегі тұлғасы қазақ тілінде *-н* дыбысының түсіп қалуымен байланысты: *менің, сенің, оның*. Осы қолданыстың басқа түркі тілдеріндегі көрінісін айтпас бұрын көне жазбалардағы қолданысқа зер салсақ, көне ескерткіштерде *мен, сен* есімдіктерінің септелу үлгісі *бенің, менің* түрінде кездесетіндігін көруге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде *мен, сен, ол* сөздеріне ілік қосымшасы жалғанғандағы негізгі формасы *менің, сенің, оның* (фонетикалық өзгерістерімен) тұлғасына келіп саяды: *мән-мәним, сән-сәнин, о-онун* (әзербайжан); *мин-минем, син-синең, ул-аның* (татар); *мен-мээн, сен-сээн, ол-ооң* (тува), *мен-мениң, сен-сениң, ол-оның* (түрікмен); *мен-меним, сен-сенинъ, ол-онынъ* (ноғай) т.б.

*Барыс септігі*. Ескі түркі жазбаларында барыс септігі бет алысты, мекенді білдіріп, мына жалғаулар жалғану арқылы жасалады:

*-а, -е*. Барыс септігінің бұл көрсеткіштері жіктеу есімдіктері мен тәуелдік жалғаулы сөздерге жалғанады: *оглыма-ұлыма, түркіме-түркіме, қазаныма-қазаныма, ініме-ініме, қызыма-қызыма;*

*-ға, -ге, -қа, -ке*: *йерке-жерге, будунқа-халыққа, тағқа-тауға, бегімке-бегіме, оглумқа-ұлыма, йірімке-жеріме;*

*-ғары, -гері, -ғару, -геру, -қару, -керу, -ңару, -ңеру*. Барыс септігінің осы жалғаулары көне ескерткіш жазбаларында жиі қолданылған: *қазанғару-қазанға, ебгеру-үйге* [6; 121].

Кейбір ғалымдар барыс септіктің бұл тұлғасын құранды және *-ру* аффиксінен тараған деп біледі де, *-ру* қосымшасына кейбір сөздердің құрамында ертеден келе жатқан өлі тұлға ретінде қарайды. Шынында да *-ру, -рү* қосымшалары жалғанып, істің бағытын, бет алысын көрсететін кейбір сөздер де кездеседі. Мысалы: *баңару* (маған қарай), *ебгеру* (үйге қарай) [7; 101].

*-ра, -ре, -ру, -рү*: *ташра, ічре, баңару, асра (төменде); -ғары, -гері, -керу, -ңару, -ңеру* құранды қосымша деген пікір бар. Екі сыңары да барыс септігінің *-ға, -ге, -қа, -ке* (тағқа, йерке) және *-ра, -ре, -ру, -рү* (ташра, ічре) қосымшаларының бірігуінен жасалып тұр. *-ғару* бағыттың алшақтығын білдірсе, *-ра, -ре, -ру, -рү* қосымшасы баратын жердің алшақ еместігін білдіреді. Ал тілімізде екеуі де барыс септігінің мағынасын толық береді. Сондай-ақ *-ғары* қосымшасының қызметі мен мағынасын беретін *-йа, -йе* жалғауы да кездеседі: *қурыйа* (батыстан), *бірійе* (оңтүстіктен). Көне жазбадағы барыс септігінің *-ғары* (варианттарымен), *-йа, -йе* жалғауларын қарай шылауы меңгереді: *оғызғару* (оғызға қарай), *тарқанғару* (тарқанға қарай), *қурыйа* (артқа қарай), *бірійе* (оңға қарай), *йырайа* (солға қарай) т.б. [6; 122].

Көне ұйғыр жазбаларында *-қа, -ке, -ға, -ге* (улуғқа, йірге, сөзке), *-ғару, -геру, -қару, -керу* (йіркеру-жерге қарай, біргеру-бері қарай, йоқару-жоғары) ғана кездескен. «Кодекс Куманикуста» да жиі қолданылатын барыс септігі жалғаулары: *-қа, -ке, -ға, -ге* (атқа, білімге). Тәуелдік жалғауынан кейін барыс септігі *-а, -е* болып келеді: *балама, балаңа, балаларыма*. Үшінші жақ тәуелдік жалғауынан кейін барыс жалғауы түбірмен *-н* дәнекері арқылы байланысады. Тәуелдік жалғауының I, II-жақтағы көпше түрінен кейін *-а, -е* жалғауы емес, *-ға, -ге* жалғанады: *балаларымызға, балаларыңызға*. *-а, -е* жалғауы кейде тәуелдік жалғауынсыз түбір сөзге тікелей жалғана береді. Ондай реттерде негізгі форма *-қа, -ке, -ға, -ге*-лермен кейде жарыса жүреді: *бармаққа-бармаға* (баруға), *атқа-ата* (атқа). Ерте кезден белгілі *-ра, -ре, -ры, -рі* және кейбір сөздермен кірігіп кеткен *-қа, -ке, -ға, -ге* формалары *ташқары-тысқары, сонра-соңыра, йоғары-жоғары* сияқты сөздердің құрамында кездескенімен, қыпшақ тілінде жалғаулық қызмет атқармайды [7].

Сондай-ақ көне жәдігерлерде кейбір сөздердің құрамында кездесетін *-йа, -йе* қосымшалары қазіргі оғыз тобындағы тілдерде де кездеседі: *масайа* (үстелге), *гапыйа* (есікке), *Москвайа* (Москваға) т.б.

Қазіргі түркі тілдерінде барыс септігі жалғауы негізінен *-га, -ге, -қа, -ке* нұсқаларында болып келгенімен, салар, түрікмен, әзербайжан, гагауз, хакас, чуваш тілдерінде дауысты дыбыстан басталатын варианты да бар. Басқа тілдерде *-а, -е* қосымшасының барыс септігі сипатында жұмсалуды тәуелдік жалғаудың I, II-жағынан кейін жалғанса, аталған тілдерде тәуелді септеуге қатысты бола қоймайды. Қазіргі түркі тілдерінде барыс септігі жалғауына қатысты ерекшеліктердің біріне жай септеу мен тәуелді септеуге қатысты болады. Қыпшақ тобындағы тілдерде екі түрлі үлгі бойынша септелсе, қарлұқ тобындағы тілдерде ондай септеу үлгісі орын алмаған. Қазақ немесе басқа түркі тілдеріндегідей барыс, табыс, жатыс септіктері қосымшаларында жай септеу мен тәуелді септеу арасындағы айырмашылық өзбек, ұйғыр тілдерінде жоқ, яғни тәуелді жалғаудан кейін септік жалғау өзгеріссіз жалғана береді. Мысалдар: *Күнига он сум топади. — Күніне он сом табады. Туған атасына барды. — Туған атасына барды. Мана шу куйнинг шохиди булиб хозир хам Абайнинг қабри бошига тумонатдек халқ йигилиб қолибди. — Осы күйдің куәсі боп қазір де Абай қабірінің басына қалың елдің өзгеше көп-көп жаны жиылып қалыпты...*

Түркі тілдерінің көне дәуірлерінде де жай септеу мен тәуелдеулі септеу тұлғаларының өзіндік ерекшеліктері болғаны белгілі. Көне ескерткіштердегі *оғлыма, түркіме, қызыма, атама* сөздерінде барыс септігі тәуелдеулі сөзден кейін жалғанатын *-а, -е* қосымшалары болса, *будунумқа, елімке, оғлумқа* сияқты мысалдарға барыс септігі қосымшасы тәуелдеулі сөз болса да *-қа, -ке* түрінде жалғанып тұр.

Барыс септігі қосымшасының жалғануындағы түркі тілдерінде көзге түсетін елеулі ерекшеліктің бірі — есімдіктердің барыс септігіндегі тұлғасы.

Есімдік сөздердің септелуінде, әсіресе жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінде, септеу жүйесінің заңдылығынан біраз ауытқып кететін орындары бар. Бұл ерекшеліктер негізінде есімдіктердің бойында көне формалар мен көне грамматикалық көрсеткіштердің молырақ сақталып қалуымен тікелей байланысты.

Жіктеу есімдіктерінің барыс септігіндегі формасы көне жазбалар тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де ерекшелігімен көзге түседі. Қазіргі қазақ тіліндегі *маған, саған* түріндегі қолданыс көне мұраларда *баңа, маңа, саңа, маа, мана, маға, манға, маға, саһа, санға, саа* [6] сипатында болып келсе, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысты төрт топқа ажыратуға болатын сияқты:

*Маңа, саңа* түріндегі қолданыс (фонетикалық варианттарымен): әзербайжан — *мәнә, сәнә; чуваш — мана, сана; түрікмен, ұйғыр — маңа, саңа; татар — миңа, сиңа; тува — меңээ. Маға, саға* түріндегі қолданыс (фонетикалық варианттарымен): ноғай, құмық, қырғыз, шор — *маға, саға; хакас — маға, саға; алтай — меге, сеге. Маған, саған* түріндегі қолданыс: қазақ, қарақалпақ — *маған, саған. Менға, сенға* түріндегі қолданыс: өзбек — *менға, сенға*. Осыларды топтай келгенде, байқалатын басты ерекшелік *мен, сен* сөздерінің кейбір тілдерде түбір күйін сақтаса, кей тілдерде *ма, са* ретінде өзгеруі. Бұл жіктеу есімдіктерінің шығу тәркінен байланысты екені белгілі. Себебі жазба мұралар арқылы, зерттеушілердің еңбектері арқылы *мен, сен* сөздерінің *ма, са* тұлғаларында болғандығы бізге мәлім. *Маңа, саңа* түріндегі қолданыстар көне жазбаларда кездесетінін жоғарыда айттық, ал *мана, сана* сипатын фонетикалық сәйкестікке, яғни түркі тілдерінде орын алған *н-ң* алмасуларына жатқызуға болатын сияқты.

*Мен, сен* жіктеу есімдіктерінің барыс септіктегі *маға, саға, меге, сеге* сипаты *ма, ме, са, се* түбірлеріне жалғанған барыс септігінің нақты көрсеткіші. Бұл, әсіресе, өзбек тілінде анық көрінеді. Аталған тілде ешбір өзгеріссіз *мен, сен* есімдіктеріне *-га* барыс септігінің қосымшасы жалғанып тұр: *менға, сенға*.

Қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі қолданыс өзіндік ерекшелігімен көзге түседі және бұл туралы зерттеушілер пікірлері әр түрлі. Бұл туралы Ә.Ибатов өзінің «Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан» деген еңбегінде мынандай түсінік береді: «... Бұл келтірілген пікірлерді жүйелей келгенде, негізінде үш салаға топтауға болатын сияқты; 1) барыс септік жалғауы басында *-ғару* болған да, кейіннен *-ғар* формасына түсіп, одан *-ған* түріне ауысқан. Сонда *-ғару>-ғар>* *-ған* боп қалыптасқан; 2) барыс септік жалғауының соңғы *н* дыбысын ингредиент деп тану, бұл негізінде *оғар>оға>оған* дегенге тура келеді; 3) шалғай метотезис арқылы *н* және *г* дыбыстарының орын алмасуы, яғни *онға>оған* боп қалыптасу» [8]. Айта кететін бір жайт, Ә.Ибатов осы пікірлердің әрқайсысына талдау жасай отырып: «... қазіргі қолда бар материалдарда кездесетін және барлық ғалымдардың ең көне форма деп жүрген *-ғару// -ғары* формасының бір кездерде *-ғану// -ғаны* сияқты варианттарының болуы да мүмкін. Бұл варианттар бертін келе екі түрлі бағытта ықшамдалып, *-ғару// -ғары>-ғар; -ғану// -ғаны>-ған* деген сияқты қатар формалар тудыруы да ықтимал. Олай болса, *-ғар*

сияқты *-ған* формасы да барыс септігінің көне жалғауларының бір түрі есебінде танылуы шарт», — деп қорытындылайды [7; 70].

Егер біз өз пікірімізді білдіретін болсақ, *ма, са* түбіріне өзімізге белгілі *-га* барыс септігі жалғанған, ал *-н* дыбысы біздің сөйлеу тілімізге байланысты орнығып қалған сияқты. «Маға» деп қолданғанның өзінде дәнекер *-н* дыбысы естіледі. Осыған ұқсас құбылыс тәуелді септеуде де орын алған. Жатыс септігінде жай септеуде *-да, -де* қосымшасы, тәуелді септеуде *-нда, -нде* болатыны белгілі. Бұндағы *-н* да дәнекер дыбыс болса керек, олай дейтініміз, *баласыда, әкесіде* деп айтқанның өзінде *-н* дыбысы естіліп тұрады. *Маған, саған* сөздеріндегі *-н* дыбысын дәнекер дыбыс деп және оны жатыс септігінің тәуелді септеуімен байланыстыруымыз соған байланысты.

Түркі тілдері барыс септік жалғауындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар фонетикалық ерекшеліктер мен туыстас тілдердің осы кезеңге дейінгі дамуына қатысты болған өзгерістерімен байланысты.

*Табыс септігі. -г, -г, -ыг, -іг, -үг, -үг. Адакыг, ебіг, иліг, йагыг, йылкыг, қағанлығыг, кісіг, беглеріг; -н, -ын, -ін, -ун, -үн: Түрк беглерін будунын ертеңу еті мағ ітді. — Түрк бектерін, халқын мақтан етті. Ебін, баркын буздым. — Үйін, мазарын бұздым. Қағанын өлүртім, илін алтым. — Қағанын өлтірдім, елін бағындырдым* [7; 124].

Көне ұйғыр жазбаларында табыс септігі *-ны, -ні, -ну, -нү, -ыг, -іг, -г, -г, -ын, -ін, -н* қолданылған: *атны, ілні, беглеріг, адағларыг* (аяқтарды), *боғузын* (тамағын), *йірін* (жерін).

«Кодекс Куманикуста» да *-ны, -ні, -ну, -нү* жай септікте, ал *-ын, -ін, -н* тәуелдік септікте қолданылған. Мысалы: *кішіні* (кісіні), *ананы* (ананы), *төресін* (төресін), *тізін* (тізесін). *-ны* мен *-н* формаларының алмасып қолданылатын орындары да бар: *оң қолын* — оң қолыны, *сөзін* — сөзіні.

М.Қашқари сөздігінде де табыс жалғауы *-г, -г, -ны, -ні, -н* түрінде кездеседі: *сөзүг* (сөзді), *атын* (атын) [6].

*-ыг, -іг, -г, -г* жалғаулары қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді, ол тек монғол тілінде қолданылады.

Табыс септігінің түркі тілдерінде қолданылатын қосымшаларының барлығы *-ны/ні* вариантының айналасына топталады. Табыс септігінің басқа тілдермен салыстырғанда ерекше болып көрінетін қосымшасы чуваш тілінде бар. Ол тілде бұл қосымша *-а, -на* түрінде, яғни ашық дауыстылармен айтылады. *-ыг, -үг, -іг, -үг* тұлғалары қазіргі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді. Бірақ монғол тілінде табыс септігінің көрсеткіші түрінде жиі ұшырасады. Қазіргі қазақ тілінде кездесетін табыс септігінің ашық, жасырын түрде қолданылуы көне түркі тілінде болған құбылыс. Мысалы: *қарыг секім* — қарды тазаладым, *сү йорытдым* — әскер жүргіздім.

Табыс септігінің *-ны* жалғауы, негізінен, қыпшақ тобына жататын тілдерге тән. Алайда бұл көрсеткіш оғыз тобына жататын тілдерде де қолданылады.

Қазіргі түркі тілдерінде табыс септіктің *-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті* варианттары негізінен түркі тілдерінің басты варианты болса, *-а, -на*, яғни ашық дауыстыдан келуі чуваш тіліне тән, себебі қазіргі түркі тілдерінің бірде-бірінде табыс септік қосымшасы мұндай ашық дауыстыдан келуі кездеспейді. Ал гагауз, түрік тілдерінде, әзербайжанның кей говорларында табыс септік тек дауысты дыбыстан *-ы, -у* қосымшаларынан тұрады, бірақ дауысты дыбысқа аяқталған негіздерге *-йы, -йі, -йу* түрінде жалғанады.

*Жатыс септігі.* Көне жазбаларда жатыс септігінің жалғаулары: *-да, -де, -та, -те* түрінде кездесіп, жатыс септігіндегі сөздер мекендік және мезгілдік мағыналарда жұмсалады: *оғызда* (оғызда), *балықда* (қалада), *қағанта* (қағанда), *көңүлте* (көңілде), *иерінте* (жерінде), *йашымда* (жасымда), *йашда* (жаста), *сүңүште* (соғыста), *йолта* (жолда) т.б. [7; 124].

Тәуелдіктің үшінші жағынан кейін *-нда, -нде, -нта, -нте* түрінде жалғанады: *йерінте, артында, йанында, баласында*. Жатыс жалғауының тарихи бір ерекшелігі мынада болса керек: ең ежелгі деп саналатын V–VIII ғасыр жазбалары тілінде де бұл жалғаудың ұяң және қатаң варианттары бар.

Жатыс септігінің *-да, -де, -та, -те, -дә, -дя* жалғаулары қазіргі түркі тілдерінің көпшілігіне тән. Чуваш тілінде жалпы түркі тілдеріне ортақ қосымшалардан басқа жатыс септік *-ра, -че* қосымшаларымен беріледі, *-ра* қосымшасын көне түркі жазбаларында кездесетін осындай қосымшалармен салыстыруға болады. Қазақ тіліндегі үстеулердің құрамында кездесетін жатыс септігі — жалпы түркілік құбылыс.

*Шығыс септігі.* Көне жазба ескерткіштерінде шығыс жалғауы сирек кездеседі, оның қызметін басқа септік жалғаулары атқарады. Шығыс септігінің формасы кейіннен пайда болған деген пікір бар. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде шығыс жалғауы кеңінен жұмсалмаса да кездесетінін көреміз.

Текстерде шығыс септік қимылдың шығу орнын білдіріп, *-тан, -тен, -дан, -ден* қосымшалары арқылы беріледі: *оғыздантан* (оғыздан), *өңден* (шығыстан), *беріден* (оңтүстіктен), *йырдан* (алыстан, солтүстіктен). *Оғыздантан көрүг келті.* — Оғыздан тыңшы келді. *Чынтан ығач келіріп өз йараиш.* — Чын ағашынан (табыт) жасап келді.

Ескерткіште септік жалғаулары бірінің қызметін екіншісі атқарады: *Түргес қаганта көрүг келті.* — Түргеш қағанынан тыңшы келді. *Йеріме, йыта субыма адырылдым.* — Халқымнан, туғандарымнан айрылдым. Шығыс септігі жасырынып та кездеседі: *Бісінч ай ыды келті.* — Бесінші айда соңымнан келді [7; 126].

Көне ұйғыр жазбаларында негізінен *-дын, -дін, -тын, -тін*, кейде *-дан* жалғауы арқылы жасалады: *күнтін-күннен, теңриден-тәңриден, улустын-ұлыстан.* М.Қашқари сөздігінде шығыс септік жалғауы бірнеше вариантта ұшырасады: *-дан, -ден, -тан, -тен, -дын, -дін, -дун, -дүн, -тын, -тін:* *Мен аны аттын түшірдім.* — Мен оны аттан түсірдім. *Ер евдін чықды.* — Ер үйден шықты. «Кодексте» де ашық, қысаң варианттары қатар қолданылғанымен, қысаң дауысты варианты сирек кездеседі: *сөзүмден-сөзімнен, йолдан-жолдан, йогартын келген-жоғарыдан келген, теңридін-тәңриден.*

Қазіргі түркі тілдерінде шығыс септік қосымшаларын шамамен үш түрге бөліп қарауға болады. 1-ші түрі деп қазақ тіліндегі *-дан*, яғни ашық дауыстымен келетін варианттар. Бұлар ұйғыр тілінен басқа тілдердің бәрінде бар. 2-ші түрі қысаң дауыстымен келетін варианттар *-дын, дін, -тын, -тін.* Бұл тек қана ұйғыр тілінде кездеседі. Аффикстің соңғы дыбысына қарай 3-ші түрі деп алтай тіліндегі нұсқасын көрсетуге болады. Түркі тілдерінің барлығында шығыс қосымшасы *-н* дыбысына, ал алтай тілінде айқын мұрын жолды *-ң* дыбысымен аяқталып, *-даң, -дең*, ал хақас, шор тілдерінде *-даң, дең, -наң, -нең* түрінде қолданылады.

*Көмектес септігі.* Орхон-Енисей жазбаларында көмектес септігі *-ын, -ін, -ун, -үн.* *Іңгек көлүкін Тоғлада оғуз келті.* — Спыр көлігімен Тоғладан оғыздар келді. *Көзін көрмедүк кулкакын есідмедүк.* — Көзбен көрмедік, құлақпен естімедік. *Улуг Іркін ерін тезіп барды.* — Ұлы Еркін ерлерімен қашты.

Көне жазба ескерткіштерде көмектес септігінің мағынасын беретін, қызметін атқаратын бірле шылауы жұмсалады: *Бу йірде олурьп, табғач будун бірле.* — Бұл жерде отырып, өмірімді табғач халқымен байланыстырдым. *Есім қаган бірле ілгеру Йашыл үгүз Шаңтуң йазыка тегі сүледіміз.* — Ағам қағанмен бірге Йашыл өзеніндегі Шаңтуң жазығына дейін соғыстым. *Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз.* — Інім Күлтегінмен сөйлестім [7; 128].

Көне ұйғыр ескерткіштерінде, М.Қашқаридың сөздігінде осы сипатта болып келгенімен, «Кодекс Куманикус» ескерткішінде көмектес септік жалғауы екі түрлі: *-ла, -ле, -ын, -ін.* Мұның екеуі де сирек қолданылады: *йайын-жазын, көңүлін-көңілмен, йаңыла-жаңамен.* Сондай-ақ көмектес септік көбінесе біле, білен шылауларымен іліктесіп келеді: *егі көңүл біле — игі көңілмен, йазуқы біле — жазығымен, сені білен — сенімен* [6].

Көмектес септік арнаулы грамматикалық тұлғасымен қазақ тілінде кездесіп, өзіндік ерекшелігі ретінде көрінсе, қарайым тілінде құралдық септік *-ба, -бе* қосымшалары арқылы кіммен? немен? сұрақтарына жауап береді. Басқа түркі тілдерінде бұл септік жалғаудың қызметін *біле* (білен) шылауы атқарады. Көмектес септіктің мәніне жақын септік жалғауы хақас (*-наң, -нең:* арғызынаң-жолдасымен), тоғалар (*-ша, -ше:* бо орукша-бұл жолмен, аң изинше-аңның ізімен), чуваш (*-на, -пе:* самахпа-сөзбен) тілінде бар.

Якут тілінде көмектес септігіне ұқсас септік ретінде құралдық (*-ынан, -инэн, -унон, -үнөн:* быһағынан-пышақпен) және біргелік (*-лыын, -тыын, -дыын, -тыын:* оготунуун-баламен) септіктерді айтуға болады.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғаулары тұлғалық тұрғыдан аса көп өзгеріске түспей, көне түркі дәуірінен сақталған. Олардың іштерінде қолданудан шығып қалғандары да бар. Ертедегі ескерткіштер тіліндегі бір септіктердің өзге септіктер қызметін атқарып, жүйесіз қолданылу ерекшеліктері өзінің ізін бірден жоғалта қойған жоқ. Түркі тілдері тарихының өте ежелгі кезеңінде есімдіктердің септелуі мен есімдердің септелуінің, сондай-ақ тәуелдеулі септеудің арасында болған жіктеліс қазіргі тілдерде сол сипатында сақталмаған.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 264 б.
- 2 *Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков.* Ч. II. Морфология. — М.: Изд. АН СССР, 1956. — 334 с.

- 3 Языки мира: Тюркские языки. — М., 1996. — 543 с.
- 4 Тomanov M. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 86-б.
- 5 Серебrennikov B.A., Gadzhieva N.Z. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. — М.: Наука, 1986. — С. 76.
- 6 Айдаров F., Құрышжанов Ә., Тomanov M. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы, 1971. — 272 б.
- 7 Есенқұлов A. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. — Алматы, 1976. — 239 б.
- 8 Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. — Алматы: Ғылым, 1966. — 69-б.

М.А.Турсунова, З.Н.Жуынтаева

### **Характеристика падежных окончаний древнетюркских памятников в современных тюркских языках**

В статье проанализированы падежные окончания современных тюркских языков в сравнительно-историческом аспекте. Авторами выявлены общие характерные особенности для падежных окончаний в тюркских языках, которые подтверждаются анализируемым языковым материалом. При описании особенностей падежных окончаний на основе исследований по кыпчакской, огузской, карлукской, болгарской и уйгуро-огузской группам языков рассмотрены фонетические варианты окончаний падежей, их история развития, а также некоторые особенности в отдельных языках. С целью выявления общих черт, различий и особенностей падежных окончаний в тюркских языках исследованы материалы памятников древнетюркской письменности, а также приведены сведения по исторической грамматике тюркских языков.

M.A.Tursunova, Z.N.Zhuynntaeva

### **The characteristic of declensional endings ancient the Turkic of monuments in modern Turkic languages**

The article is devoted to the question of a genitive case in modern Turkic languages in comparative-historical aspect. There is in the article analyzed the general prominent features for a genitive case in Turkic languages which is proved by an analyzed language material. The description of features of a genitive case on the basis of researches on kypchak, oguz, bulgar, karluk, and uigur-oguz groups of languages are considered phonetic variants of the terminations of the given case, history of their development, and also some features in separate languages. With the purpose of revealing of the general features, distinctions and features of a genitive case in Turkic languages materials are resulted of monuments of ancient Turk writings, and also are presented data on historical grammar of Turkic languages.

#### References

- 1 Tomanov M. *Istoricheskaya grammar of the Kazakh language*, Almaty: Mektep, 1988, 264 p.
- 2 Researches on comparative grammar of Turkic languages. P. II. Morphology, Moscow: Prod. Academy of Sciences of the USSR, 1956, 334 p.
- 3 *World languages: Turkic languages*, Moscow, 1996, 543 p.
- 4 Tomanov M. *Comparative grammar of Turkic languages*, Almaty: Publ. Kazakh University, 1992, p. 86.
- 5 Serebrennikov B.A., Gadzhieva N.Z. *Sravnitelno-istoricheskaya grammar of Turkic languages*, Moscow: Nauka, 1986, p. 76.
- 6 Aydarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. *Yazyk ancient Turkic of written monuments*, Alma-Ata, 1971, 272 p.
- 7 Esenkulov A. *The terminations in the drevnetyurkskikh written monuments*, Alma-Ata, 1976, p. 69.
- 8 Ibatov Ә. History of development of pronouns in the Kazakh language, Almaty: Gylym, 1966. — 71 p.